

# ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

# SXS

# ТОҢАЗЫТҚЫШЫ

Тоңазытқышты пайдаланбас бұрын берілген нұсқаудағы мәліметтерді зейін қойып оқыңыз және оны анықтама ақпараттарын алу үшін қолайлы жерде сақтаңыз.

GR-M247QGMH  
GR-M247QGMY

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b>	Кіріспе _____	3
	Негізгі қауіпсіздік шаралары _____	3
	Бөлшектердің атаулары _____	11
<b>Орнату</b>	Орнатылатын жер _____	12
	Есікті шығарып алу _____	13
	Есікті ауыстыру _____	13
	Биіктігін лайықтау _____	14
<b>Жұмыс істету</b>	Бастау _____	15
	Температуралар мен функцияларды реттеу _____	15
	Smart Eco Door _____	18
	Есіктегі мұз қатырғыш _____	19
	Сөре _____	21
	Жұмыртқа қорабы _____	21
	Нано көмірлі дезодоратор _____	21
	Мұздатқыш/тоңазытқыш себеті _____	22
	LED (жарық диодты) шам (Мұздатқыш/Тоңазытқыш) _____	22
	Жас тағам бөлімі _____	23
	Вакуумдық жас тағам бөлімі _____	24
<b>Азық-түлікті сақтау жөніндегі ұсыныстар</b>	Азық-түліктердің орналасуы _____	25
	Азық-түліктерді сақтау _____	26
<b>Күтім және қызмет көрсету</b>	Жалпы мәліметтер _____	27
	Тазалау _____	27
	Ақаулықтарды тауып, жөндеу _____	28
	Бұл қалыпты жағдай... _____	32
	Құрылғы туралы ақпарат _____	33



- Осы құрылғы тек 230 В/50 Гц қуатпен ғана пайдаланылады.
- Оны 110 В аймақта қолданғыңыз келсе, 2.0 килловольт-амперден трансформатор сатып алуыңыз қажет.

## Кіріспе

Моделі және сериялық номерін осы құрылғының тоңазытқыш камерасының ішкі жағынан немесе артқы жағынан табасыз. Бұл сандар тек осы құрылғыға ғана қолданылады. Қажетті ақпаратты осы жерге жазып, осы нұсқаулықты сатып алғаныңыздың тұрақты жазбасы ретінде сақтап қойғаныңыз жөн. Түбіртектегі осы жерге бекітіңіз.

Сатып алынған күні : \_\_\_\_\_  
 Сатып алынған дилер : \_\_\_\_\_  
 Дилердің мекен-жайы : \_\_\_\_\_  
 Дилердің телефон № : \_\_\_\_\_  
 Модель № : \_\_\_\_\_  
 Сериялық № : \_\_\_\_\_

## Негізгі қауіпсіздік шаралары

Осы нұсқаулықта қауіпсіздік туралы көптеген маңызды ескертулер бар. Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығын оқып, оларды әрдайым орындаңыз.



Бұл – қауіп туралы ескертетін таңба. Ол сіздің не басқалардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін, не болмаса мүлікке зиян келтіретін жағдайлардан сізді хабардар етеді. Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығының алдында ескертуші таңба мен қауіп туралы белгі беретін «ҚАУІПТІ», «АБАЙЛАҢЫЗ» немесе «АБАЙ БОЛЫҢЫЗ» деген сөздер келеді. Бұл сөздер мыналарды білдіреді:



**ҚАУІПТІ** Нұқ орындамаған жағдайда өміріңізге не денсаулығыңызға қауіп төнуі мүмкін.



**АБАЙЛАҢЫЗ** Нұқ орындамағ жағдайда өміріңізге не денсаулығыңызға қауіп төнуі мүмкін.



**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ** Тиісті шара қолданылмаған жағдайда кішігірім немесе орташа жарақатқа, не болмаса мүліктің бүлінуіне әкеп соқтыратын қауіпті жағдайдың туындау мүмкіндігін көрсетеді.

Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығында қауіп-қатер түрі анықталып, жарақаттану мүмкіндігін азайту жолдары мен осы нұсқаулардың орындалмауының ықтимал салдары көрсетіледі.


## ⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Бұйымды пайдалану кезінде өрт шығу, ток соғу немесе кісілердің жарақаттану мүмкіндігін азайту үшін, келесілерді қоса алғанда, негізгі қауіпсіздік шараларын қолданған жөн. Осы құрылғыны пайдаланар алдында нұсқауларды толық оқып шығыңыз.

### 1. Қуат көзі қосылған кезде


**Арнаулы қуат көзі пайдаланылуға тиіс.**

- Бір қуат көзіне бірнеше құрылғыны жалғап пайдалану өрт шығуына себепші болуы мүмкін.
- Электр кемуін тоқтатқыш құрылғы тамақты бүлдіріп, ыдыстың ішіндегісі ағып кетуі мүмкін.



**Қуат ашасының жоғары қарап қалуына немесе тоңазытқыштың артқы жағында жаншылып қалуына жол бермеңіз.**

Бұйымның ішіне су кіріп немесе қуат ашасы зақымданып, өрт шығуына не ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.




**Орнату кезінде қуат ашасы суырылғаннан кейін тоңазытқышты ішке қарай жылжитқан кезде қуат сымының қысылып немесе жаншылып қалуына жол бермеңіз.**

**Құрылғыны қабырғадан алыс жылжитқан кезде қорек сымы жаншылмауын немесе кез келген жолмен зақымданбауын қадағалаңыз.**

Бұл өрт шығуына немесе электр тогы соғуына себеп болады.


**Қуат сымының иілуіне немесе оны ауыр заттың басып қалуына жол бермеңіз.**

Бұл қуат сымы зақымданып, өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.




**Қуат сымын ұзартушы немесе ұзындығын өзгертуші болмаң.**

Мұның салдарынан қуат сымы немесе басқалар электрмен зақымданып, өрт шығуы не ток соғуы мүмкін.




**Тоңазытқыштың ішкі шамын тазалау, ұстау немесе ауыстыру кезінде қуат көзін ажыратыңыз.**

- Сізді ток соғуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішкі шамын ауыстырған кезде, ұң ішіндегі электр ұшқынының алдын алатын резеңке шеңбердің шығарылмағанына көз жеткізіңіз.




**Қуат сымын немесе ашасын сулы қолмен ұстаушы болмаңыз.**

Бұл ток соғуына немесе жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.

**Қуат ашасындағы су мен шаңды сүртіп, істікшелердің ұштарын мықтап сұыңыз.**

Шаң, су немесе орнықсыз қосылыс өрт шығуына немесе ток соғуына ә соқтыруы мүмкін.

**Тазалау немесе басқа да қажеттіліктер үшін қорек ашасын розеткадан ажыратыңыз.**

Бұл ток соғуына немесе жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.


**Қуат көзінен ажыратқанда, сымнан емес, ашадан ұстап суырыңыз.**

Бұл ток соғуына немесе қысқаша тұйықталып, өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.

**Құғң жерге қосылуын қамтамасыз етіңіз.**

Егер жерге қосу жөніндегі нұсқаулар толық түсінікті болмаса немесе сіз құрылғының жерге дұрыс қосылғанына күмәніңіз бар болса, білікті электрикпен немесе қызмет көрсетуші тұлғамен кеңесіңіз.

Жерге дұрыс қоспау құғң бұзылуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.


**Қуат көзіне қосу үшін тек жерге қосылған дұрыс кернеулі ашалы розетканы ғана пайдаланыңыз.**

Ұзартқыш сымдар қолданылатын болса, тек жерге қосылған ұзартқыш сымдарды ғана пайдаланыңыз.

Бұл өрт шығуына себеп болады.

**Қуат сымы немесе қуат ашасы зақымданған немесе қуат көзінің саңылаулары кеңейіп кеткен жағдайда оларды пайдаланбаңыз.**

Бұл ток соғуына немесе қысқаша тұйықталып, өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.

**Қуат көзіне қайтадан қосқан кезде 5 минут немесе одан да ұзағырақ күте тұрыңыз.**

Бұл мұздатқыш жұмысының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Егер қорек ашасы зақымданған болса, қауіптен аман болу үшін оны дайындаушы немесе оның қызмет көрсетуші агенті немесе сол сияқты біліктілігі бар тұлға ауыстыруы тиіс.

## 2. Тоңазытқышты пайдалану кезінде


**Ауыр бұйымдарды немесе қауіпті заттарды (сұйықтығы бар ыдыс) тоңазытқышқа салмаңыз.**

Есік ашылған немесе жабылған кезде ол қлап, өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



**Тоңазытқышты ылғалды жерге немесе су не жауын-шашын шашырайтын жерге орнатпаңыз.**

Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы токтың сыртқа шығуына себепші болуы мүмкін.




**Мұздатқыштың не салқындату камерасының есігіне немесе ондағы не үй барындағы сөрелеріне асылмаңыз.**

Бұл тоңазытқыштың құлауына немесе қолыңыздың жарақаттануына әкеп соқтыруы мүмкін. Әсіресе, балалардың мұны істеуіне жол бермеңіз.



**Балалардың құрылғының ішіне кіруіне жол бермеңіз.**


Егер бала тоңазытқыштың ішіне кіріп кетсе, баланың өміріне қатер төнуі мүмкін.



**Тоңазытқыштың есігін тым қатты ашып-жабу тоңазытқыш сөресінде сақталған тағамның құлап кетіп, бүлінуіне әкелуі мүмкін, сондықтан абай болыңыз.**


**Тоңазытқыштың жанында немесе ішінде эфир, бензол, спирт, дәрі-дәрмектер, тұрмыстық газ, аэрозоль немесе косметикалық заттарды сақтамаңыз.**

Бұл жарылысқа немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




**Тоңазытқыштың ішін құрғату үшін фен қолданбаңыз және иісін кетіру үшін майшам жақпаңыз.**

Бұл жарылысқа немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




**Тоңазытқыштың ішіне дәрі-дәрмектер немесе оқу құралдарын сақтамаңыз.**

Температуралық режимі қатаң ұсталуы тиіс материал сақталған кезде, ол бүлініп немесе күтілмеген реакция беріп, қандай да бір қауіп-қатер тудыруы мүмкін.




**Тоңазытқыштың жанында жанғыш аэрозоль қолданбаңыз.**

Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.



**Жанғыш газ шығатын жерлер сияқты от көздерінен алыс жерлерге орнатыңыз.**

Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




**Тоңазытқыштың үстіне гүл вазасы, кесе, косметика, дәрі-дәрмек немесе қандай да бір су толтырылған ыдыс қоймаңыз.**

Бұл өрт шығуына, ток соғуына немесе қлап кетіп жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.




**Күн күркіреп, найзағай жарқылдаған кезде немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, қуат ашасын ағытып қойыңыз.**

Электр тогы соғуы немесе өрт шығу қатері бар.




**Су астында қалған тоңазытқышты ол тексеріліп болғаннан кейін пайдаланыңыз.**

Бұл ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




**Газ сыртқа шықанда, тоңазытқышқа немесе қуат көзіне тимей, бөлмені дереу желдетіңіз.**

- Ұшқыннан пайда болған жарылыс өрт шығуына себепші болуы мүмкін.
- Осы тоңазытқышта қоршаған ортаға зиянсыз суытқыш ретінде пайдаланылатын табиғи газдың (изобутен, R600a) тіпті кішкене мөлшерінің (80-90 г) өзі жанғыш болып келеді. Тоңазытқышты тасымалдау, орнату немесе пайдалану кезінде қатты зақымдану нәтижесінде газ сыртқа шығып кеткен жағдайда кез келген ұшқыннан өрт шығуы мүмкін.




**Тоңазытқыштың ішіне немесе сыртына су шашпаңыз немесе оны бензолмен не сұйылтқышпен тазаламаңыз.**

Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштан қандай да бір әдеттен тыс иіс немесе түтін сезілген жағдайда оны дереу қуат көзінен ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




Тоңазытқышты білікті маманнан басқа қандай да бір кісілердің бөлшектеуіне, жөндеуіне немесе түрін өзгертуіне жол бермеңіз.

Бұл жарақаттануға, ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Тоңазытқышты тұрмыстықтан басқа мақсаттарда (дәрі-дәрмектер сақтау немесе материалдарды сынау, кемеде пайдалану және т.б.) пайдаланбаңыз.

Бұл өрт шығуы, ток соғуы, сақталатын материалдың бүлінуі немесе химиялық реакция сияқты күтілмеген қауіп-қатер тудыруы мүмкін.



Мұздатқышты қоқысқа лақтырған кезде есігіндегі орама материалдарын алып тастаңыз немесе есігіні өзіні алып тастаңыз алайда балалар ішіне кіріп жатудың алдыны алу үшін текшелер орныда қалуы қажет

Бұл балалардың қамалып қалуына себепші болуы мүмкін.




Дене, сезім не ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың (соның ішінде балалардың) қауіпсіздігі үшін жауапкершілік көтеретін адам осы құрылғыны пайдалануға қатысты оларды қадағаламаса немесе нұсқау бермесе, бұл құрылғыны олардың қолдануына болмайды.

Балалар осы аспаппен ойнамауы үшін оларды қадағалап жүру керек.


Тоңазытқышты берік әрі тегіс бетті еденге орнатыңыз.

Оны орнықсыз жерге орнатқан жағдайда есікті ашқан кезде тоңазытқыштың құлап, ө қауіп төндіруі мүмкін.



Салқын ауа шығатын жерге, қақпақа, тоңазытқыштың астына, арт жақтағы қызуға төзімді шарбақа (шығу тесігі) қолыңызды немесе металл зат салмаңыз.

Бұл ток соғуына немесе жарақатқа әкеп соқтыруы мүмкін.



Құрылғының қаптамасындағы немесе кіріктірілген құрылмадағы желдеткіш саңылауларды бітеліп қалудан сақтаңыз.

Мұзын ерітуді жеделдету үшін өндіруші зауыт ұсынатыннан өзге механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.

Тоңазытқыштың электр сұлбасын зақымдамаңыз.

Тоңазытқыштың азық-түлік сақтайтын бөлігіндегі электр құрылғылары өндіруші ұсынған түрдегі құрылғылар болмаса, оларды пайдаланбаңыз.

Тоңазытқышта қолданылатын салқындатқыш агент пен оқшаулағыштың үрлеуіш газы арнайы жолмен қоқысқа тастауды қажет етеді. Қоқысқа тастаған кезде техникалық қызмет көрсетуші маманмен немесе сол сияқты білікті адаммен кеңесіңіз.



**Бұл аспаптың құрамында салқындатқыш зат (R600a) – табиғи газ изобутен бар, ол қоршаған ортамен аса сыйысымды, бірақ тез тұтанғыш. Аспапты тасымалдау мен орнату кезінде салқындатқыш тізбектің ешқандай бөлігінің зақымданбауына абай болыңыз. Түтіктерден аққан салқындатқыш зат тұтануы немесе көзді жарақаттауы мүмкін. Егер оның ағатыны байқалса, өрт шығуы мүмкін жерлерде жанған ашық оттан сақтаныңыз және құрылғы тұрған бөлмені бірнеше минут желдетіңіз.**

Егер салқындатқыш тізбектен газ аққан жағдайда, тұтанғыш газдың ауамен аралсуын болдырмау үшін құрылғы орналасатын бөлменің ауданы пайдаланылатын салқындатқыш заттың көлеміне тәуелді болады. Бөлменің ауданы құрылғының ішіндегі R600a салқындатқышының әр 8 грамына 1 м<sup>2</sup>-ден келуге тиіс. Сіздің нақты құрылғыңыздың ішіндегі салқындатқыштың мөлшері құрылғының ішіндегі сәйкестендіргіш тақтада көрсетілген. Бүлінген белгілері байқалатын құрылғыны ешқашан жұмысқа қоспаңыз. Егер күмәніңіз болса, сатушымен кеңесіңіз.

## АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


**Бұл нұсқауды орындамау жарақаттануға немесе үйдің не жиһаздың бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.**

**Мұз шелегіне немесе мұз беретін аппаратқа қолыңызды салмаңыз (тек мұз беретін аппараты бар модель үшін).**


Жұмыс істеп тұрған мұз генераторы жарақатқ әкеп соқтыруы мүмкін.



**Мұздатқыштағы азық-түлікке сулы қолмен тимеңіз.**  
Қолыңыз үсіп қалуы мүмкін.



**Жұа хрусталь немесе фарфор ыдысқа мұз салмаңыз.**  
Бұл ыдыстың сынып, бір жеріңізді жарақаттауына әкеп соқтыруы мүмкін.



**Электр жарығы сөнген кезде, мұз шелегіндегі мзды шығарып тастаңыз (тек мұз беретін аппараты бар модель үшін).**


Электр жарығының ұзақ уақыт болмауынан мұз еріп, еденді зақымдауы мүмкін.

Электр жарығы ұзақ уақыт болмайтын кезде, мұз шелегіндегі мұзды шығарып тастаңыз.



**Автоматты мұз генераторында тек ауыз су пайдаланыңыз (тек мұз беретін аппараты бар модель үшін).**

Әйтпесе, бұл қандай да бір қауіп төндіруі мүмкін.



**Автоматты мұз қатырғыштың қақпағын алмаңыз.**  
(Тек автоматты мұз қатырғышы бар үлгілер үшін)

Мұз қатырғыштың механикалық бөлшектерінің жұмысы адамдарды жарақаттауы мүмкін.

**Тоңазытқыштың ішіне тағамды қалай болса солай ретсіз салмаңыз.**

Тоңазытқыш есігін ашып-жапқан кезде тағам құлап кетіп, адамдарды жарақаттауы мүмкін.


**Мұздатқышқа бөтелке қоймаңыз.**

Бөтелкедегі сұйықтық қатуы және бөтелке сынып, бір жеріңізді жарақаттауы мүмкін.




**Тоңазытқыштың астына қолыңызды сұқпаңыз.**

Астыңғы жақтағы темір табақта қолыңызды жарақаттауы мүмкін.




**Тоңазытқышты тасымалдаған кезде алдыңғы жақтағы астыңғы тұтқа мен артқы жақтағы үстіңгі тұтқадан ұстап көтеріңіз.**

Әйтпесе, қолыңыз тайып кетіп, жарақаттануыңыз мүмкін. Құрылғы ауыр болғандықтан, оны жалғыз адам көтерсе, адамды жарақаттауы немесе жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.




**Тоңазытқыш есігін ашып-жабу немесе тоңазытқыштың үй бары (Home Bar) маңайдағы адамдарды жарақаттауы мүмкін болғандықтан, абай болыңыз.**


Есік ашылған немесе жабылған кезде есіктің бұрышындағы ашық жерге қол немесе аяқ қыстырылып қалуы мүмкін.



**Тоңазытқышқа қандай да бір жануарларды кіргізбеңіз.**



## Бөлшектердің атаулары



### ЕСКЕРТУ

- Егер сіздің құрылғыда болмайтын кейбір бөлшектерді тауып алсаңыз, олар тек басқа моделдерде пайдаланылатын бөлшектер болуы мүмкін.
- Найбільш ефективним способом заощадження енергії є використання холодильника з розташуванням внутрішніх елементів, таких як корзини, шухляди та полиці на місцях, передбачених виробником.

## Орнатылатын жер

### Жақсы орын таңдап алыңыз

1. Құрылғыны пайдалануға оңай болатын жерге орнатыңыз.
2. Құрылғыны жылу, тікелей күн сәулесі немесе ылғал көздеріне жақын орналастырмаңыз.
3. Тоңазытқыш-мұздатқыштың ішіндегі ауа дұрыс айналуын қамтамасыз ету үшін оның екі жағынан, сондай-ақ үстіңгі жағынан жеткілікті ашық жер және артқы жағынан қабырғаға дейін кемінде 2 дюйм (5 см) ашық жер қалдырыңыз.
4. Дірілдерді болдырмау үшін құрылғы теңгерілуі тиіс.
5. Құрылғыны 5°C төмен орнатпаңыз. Бұл жұмыс істеуге әсерін тигізуі мүмкін.



### Ескі құрылғыны іске асыру


Бұл құрылғының ішінде сұйық (салқындатқыш, майлағыш) заттар бар және қайта пайдалануға және/немесе қайта өңдеуге болатын бөлшектер мен материалдардан жасалған.

Бұл құрылғының ішінде сұйық (салқындатқыш, майлағыш) заттар бар және қайта пайдалануға және/немесе қайта өңдеуге болатын бөлшектер мен материалдардан жасалған.


**Мұздатқыш камерасының есігін шығарып алыңыз**

**Есікті шығарып алу**

1) Бұрандаларды босатып, топса қақпағын шығарып алыңыз. Від'еднайте усі з'еднувачі.



2) Ұстағышты сағат тіліне кері бағытта (1) бұрап, сосын үстіңгі топсаны жоғары көтеріп (2) шығарып алыңыз.



**ЕСКЕРТУ**

- Үстіңгі топсаны шығарып алған кезде есіктің алдыға қарай құлап кетпеуіне мұқият болыңыз.

3) Мұздатқыш камерасының есігін жоғары қарай көтеріп шығарып алыңыз.




**ЕСКЕРТУ**


- Винесіть дверцята через двері приміщення і покладіть.

**Тоңазытқыш есігін шығарып алыңыз**


1) Топса қақпағының бұрандаларын босатып, қақпақты шығарып алыңыз. Від'еднайте з'еднувач.



2) Ұстағышты сағат тілінің бағытына қарай бұрап (1) шығарып алыңызда, содан кейін үстіңгі топсаны жоғары көтеріп (2) шығарып алыңыз.




3) Тоңазытқыш камерасының есігін жоғары көтеріп шығарып алыңыз.



**Тоңазытқышты өткізіңіз**

Тоңазытқышты кіретін есіктен оң жақтағы суретте көрсетілгендей бір қырымен өткізіңіз.



**Есікті ауыстыру**

Есіктерді кіретін есіктен өткізіп алғаннан кейін шығарып алуға кері кезектілікпен құрастырыңыз

## Биіктігін лайықтау

### Еден тегіс болмаған жағдайда

- Еден тегіс болмаған жағдайда, есіктің биіктігін бір деңгейге келтіру мүмкін болмаса.



#### - Мұздатқыш есігі төмен болған жағдайда – (1)

Есікті бір деңгейге келтіру үшін сол жақтағы биіктікті лайықтау бұрандасының ойығын немесе сомынын сағат тілінің бағытына қарсы бұрау үшін (-) бұрағышты немесе сомын кілтін пайдаланыңыз.

#### - Мұздатқыш есігі төмен болған жағдайда – (2)

Есікті бір деңгейге келтіру үшін оң жақтағы биіктікті лайықтау бұрандасының ойығын немесе сомынын сағат тілінің бағытына қарсы бұрау үшін (-) бұрағышты немесе сомын кілтін пайдаланыңыз.

Биіктік айырмашылығы




### Одан кейін

1. Тасымалдау кезінде жинақталып қалған шаңдардың барлығын сүртіп, құрылғыны мұқият тазалаңыз.
2. Мұз кесектерін сақтайтын қорап, қақпақты буландыратын науа және т.б. сияқты керек-жарақтарын тиісті жерлеріне орнатыңыз. Олар тасымалдау кезінде болуы мүмкін зақымдардың алдын алу үшін бірге буып-түйілген.
3. Қорек сымын (немесе ашасын) розеткаға жалғаңыз. Бір розеткаға басқа құрылғыларды қоса жалғамаңыз.

## Бастау

Тоңазытқыш алғаш рет орнатылған кезде ішіне балауса немесе мұздатылған азық-түліктерді салмастан бұрын қалыпты жұмыс температураларында 2-3 сағат бойы тұрақтандырып қойыңыз. Егер жұмыс істету үзілсе, қайтадан іске қосар алдында 5 минут күтіңіз.

## Температуралар мен функцияларды реттеу





### ЕСКЕРТУ

- Моделіңізде опцияларыдың бәрі болмауы мүмкін.

## Мұздатқышты басқару



Мұздату камерасы мен тоңазыту камерасының температурасын реттеуіңізге болады.

### Мұздату камерасы температураны реттеу



## Тоңазытқышты басқару


### Тоңазыту камерасы температураны реттеу



- Көрсетілген баптау температурасы тоңазытқыштың ішіндегі нақты температура емес, мақсатты температура болып табылатындықтан, нақты ішкі температура азық-түліктің күйіне қарай әр түрлі болады.
- Бастапқы уақытта тоңазыту функциясы әлсіз болады. Тоңазытқыш кемінде 2~3 күн пайдаланылғаннан кейін температураны жоғарыдағыдай реттеңіз.

## Тез мұздату

**Жылдам мұздату үшін осы функцияны таңдап алыңыз.**

- При натисканні кнопки (  ) активується функція швидкого заморожування. При наступному натисканні кнопки функція буде відключена.
- Якщо функція увімкнена, загоряється світловий індикатор.
- Функція швидкого заморожування автоматично вимикається через заданий проміжок часу.

EXPRESS FRZ.




Швидке заморожування  
УВІМКНЕНО

Швидке заморожування  
ВИМКНЕНО

## Бұғаттау

**Бұл түйме басқа түймелердің жұмысын тоқтатып тастайды.****■ ЗАБЛОКОВАНО**

Натисніть (  ) і утримуйте не менше 3-х секунд.

**■ РОЗБЛОКОВАНО**

Натисніть (  ) і утримуйте не менше 3-х секунд.

\* Lock пернені пайдаланғанда, бұғатсыздырылмағанша, өзге пернелердің ешқайсысы істемейді.

CHILD LOCK



ЗАБЛОКОВАНО РОЗБЛОКОВАНО

## Қосымша функциялар

**Ашық есікті ескерту**

- Егер тоңазытқыштың есігі және үй барының есігі ашық немесе толық жабық қалғаннан кейін бір минут өтсе, 30 секунд сайын 3 рет дыбыстап ескертеді.
- Егер есікті жапқанның өзінде ескерту дыбысы тоқтамаса, жергілікті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

**Диагностика (ақаулықтарды табу) функциясы**

- Диагностика тоңазытқыштың пайдаланылу мерзімі ішінде құрылғыда ақаулық пайда болған кезде ақауды автоматты түрде табады.
- Егер құрылғыда ақаулық пайда болса, кез келген түйменің басылғанына және қалыпты көрсету жүзеге асырылмағанына қарамастан жұмыс істемейді. Мұндай жағдайда қоректі өшірместен дереу жергілікті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Егер құрылғы өшірілетін болса, ақаулы бөлшекті табу үшін қызмет көрсетуші маманның бірталай уақыты кетеді.

## Smart Eco Door

### Smart Eco Door пайдалану


Smart Eco Door ортаңғы беткі бөлігін «сырт» еткен дыбыс естілгенше басыңыз.

- Үлкенірек Smart Eco Door көбірек тағам сақтауға болады.
- Сақтау орны үлкенірек болғандықтан, азық-түлікті жақсырақ реттеп салуға болады.



### Smart Eco Door қақпағын шешіп алу

Smart Eco Door үстіңгі қақпағын сәл жоғары көтеру ① арқылы шешіп алыңыз. Содан кейін астыңғы қақпақты ② жоғары жылжытыңыз.




### Smart Eco Door себетін алу



1. Smart Eco Door үстіңгі қақпағын сәл жоғары көтеру ① арқылы шешіп алыңыз. Содан кейін себетті сәл жоғары қаратып ② ұстаңыз.
2. Себетті ұстап тұрып ②, қақпақтың сол жағын жоғары көтеріңіз ③. Қолыңыздың қақпақтың артына қойыңыз да ③, оны жоғары итеріңіз.
3. Себетті бүйір жағына еңкейтіңіз де ②, ағытып алыңыз.


### Smart Eco Door себетін жинақтау



1. Себетті бүйір жағына еңкейту арқылы салыңыз ②.
2. Себетті сәл жоғары ұстап тұрып ②, қақпақты ішкі сырғытпа жолмен туралаңыз ③. Сырт еткен дыбыс естілгенше екі жағын мықтап бекітіңіз.
3. Себетті дұрыс қалпына орналастырыңыз ②. Содан кейін тартпалы жәшікті салыңыз ①.

### Smart Eco Door себетін пайдалану



#### ► Биік заттарды сақтаған кезде




1. Тартпалы жәшік ① пен қақпақты ③ қалай шешіп алсаңыз, сондай жолмен алыңыз.
2. Себетті төмен түсіріңіз ②.
3. Тағамды тек себетті пайдалану арқылы ғана сақтауға ② болады.

**Мұзды қалай қатыру керек****Есіктегі мұз қатырғыш**


- Мұз науасын алып шығыңыз да, оған су құйып, орнына қайтадан қойыңыз, суды ернеуінен асырып жібермеңіз.
- Мұз науасын түбіне дейін баяу итеріңіз. Оған нұқсан келуі мүмкін.

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ**

- Судан басқа ешқандай сусындарды (Do not freeze any beverages (арпа шайы, шырын т.с.с.) қатырмаңыз, себебі бұл ақаулыққа себеп болуы мүмкін.
- Мұз қатырғыш бөлімшеде қалған су жоғын тексергеннен кейін оған су құйыңыз да, мұздатып қатырыңыз.
- Су толтырғаннан кейін мұз науасын салған кезде, оның ернеуінен аса толмағанына көз жеткізіңіз.

**Мұзды қалай ұсақтау керек**


- Мұз қатырғыш бөлімшенің мұз бөлшектейтін тұтқасын (◀) белгісінің соңына дейін тартып шығарыңыз.
- Егер мұз дұрыс түспесе, тұтқаны түгелдей төмен тартыңыз.
- Егер су әбден қатпай тұрып мұз түсіретін тұтқаны төмен тартсаңыз, су мұз сақтайтын сауыттың ішіне ағып, барлық мұз кесектері бір біріне жабысып қалады. (20 градуста судың толық қатуына шамамен 3 сағат уақыт кетеді).

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ**

- Егер мұздатқыш есігін (есіктегі мұз қатырғыштың есігін) жиі ашып-жаба берсеңіз, мұздатқыштың ішіне жылы ауа кіріп, мұз қатыру уақытын кешеуілдетеді.
- Мұз қатыру уақыты маусымға қарай шамалы өзгереді.
- Бастапқы орнатқаннан кейін 24 сағат ішінде мұз қатырукөбірек уақыт алуы мүмкін, себебі температура әлі тұрақты болмайды.


**Мұзды алып шығу**

- Мұз сақтайтын сауытты алып шығу үшін сәл көтеріңіз.
- Мұз сақтайтын сауытты орнына қойған кезде, оның түбіне дейін салынғанына көз жеткізіңіз.
- Мұз сақтайтын сауытта сақтауға болатын мұздың қолайлы мөлшері – шамамен мұз қатырғышты 3 рет іске қосқандағы мұздың мөлшері. Егер осы мөлшерден артық сақтасаңыз, мұз сақтайтын сауыт шықпай қалуы мүмкін.




### Есіктегі мұз қатырғышты ағытып алу

1. Есіктегі мұз қатырғыштың үстіндегі есік себетінің екі шетінен ұстаңыз да, жоғары қарай тартыңыз.



2. Есіктегі мұз қатырғышты жоғары қарай тарту үшін мұз қатырғыш бөлімшенің екі шетінен ұстаңыз.




- Тиісті түрде ағытып алыңыз. Егер мұз атырғыш бөлімшені ағытып алсаңыз, бұл нұқсан келтіруі мүмкін.
- Мұз қатырғыш бөлімшені ағытып алған кезде, оны қолмен ұстаңыз да, мұз науасының бөлініп кетпеуін қадағалай отырып, тартып шығарыңыз.

### ⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

### Мұз қатырғыш науаны ағытып алу (тазала)

1. Мұз науасын алып шығыңыз да, тазалаңыз.
2. Тазалап болғаннан кейін орнына қойыңыз.




### ⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


- Мұз науасын тазалағаннан кейін оны қайта пайдаланардан бұрын ылғалды толық кетіріңіз.

### Тоңазытқыштағы себетті пайдаланған кезде

1. Үстіңгі есіктің себетін ағытып алынған ретпен қайта салыңыз (1), (2).



\* Есіктегі мұз қатырғыш пайдаланылмаған кезде, мұз науасын алып шығыңыз, сонда мұз сауытын себет ретінде пайдалануыңызға болады.



**Қалай пайдалану керек**


**Қалай ағытып алу керек**

## Сөре


Гарнир, салатты немесе тоңазытылған тағамды сөреде сақтап, ыдыстардың арасында едәуір жер қалдыруға болады.




1. Сөренің алдыңғы бөлігін ұстап тұрып, ілмекті бөлігімен құрсауланғанша сыртқа қарай тартыңыз.



2. Сөрені тартып шығара алмасаңыз, оны сәл көтеріңкіреңіз.




3. Сөрені шығарып алу үшін, оны еппен ұстап тұрып еңкейтіңіз.



## Жұмыртқа қорабы

Сақталатын азық түріне қарай, тиімді температура диапазонын таңдай аласыз.



**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ**

### ЕСКЕРТУ

- Еш уақытта жұмыртқа қорабын мұз сақтайтын шелек ретінде пайдаланбаңыз. Сынып қалуы мүмкін.
- Еш уақытта жұмыртқа қорабын мұздатқыш камерасында немесе қалпына келтіру орталығында сақтамаңыз.


## Нано көмірлі дезодоратор

**Қалай пайдалану керек**

Нано көмірлі дезодоратор жүйесінің көмегімен тоңазытқыштың иісін жоюға, әрі дезодораторды қайта пайдалануға болады.


**Қалай ағытып алу керек**

Дезодоратордың қақпағын алу үшін оның алдыңғы жағын басып, астындағы кертпелі бөлігін (-) бұрағышпен бұраңыз.



### - Дезодораторды қайта пайдалану

Дезодораторды шаш кептіргішпен фенмен кептіріп, қайта пайдалана беруге болады.




## Мұздатқыш/тоңазытқыш себеті

Қалай пайдалану керек

Шағын ыдыстағы мұздатылған тағамды (мұздатқыш себеті), шағын ыдыстағы тоңазытылған тағамды немесе сүт, сыра т.б. сияқты сусындарды (тоңазытқыш себеті) сақтауға болады. Алайда, балмұздақты не ұзақ уақыт сақталатын тағамды (мұздатқыш себеті) т.б. сақтамаңыз.


Қалай ағытып алу керек

Себетті екі қолмен ұстаңыз да, шығарып алу үшін алдыңғы жағын сәл көтеріңіз.



Қалай қайта салу керек

Себетті екі қолмен ұстаңыз да, бір жағынан итере отырып орнына салыңыз.



## Екі жұлдызшалы бөлім \*\* (кейбір үлгілерде ғана қолданылады)

Мұздатқыш себеті  
(екі жұлдызшалы бөлім)

- Екі жұлдызша  $-12^{\circ}\text{C} \sim -18^{\circ}\text{C}$  градуспен сақталатын орынды білдіреді.
- Қысқа уақыт сақталатын мұздатылған тағам.

## LED (жарық диодты) шам (Мұздатқыш/Тоңазытқыш)

Қалай пайдалану керек

Мұздатқыштағы LED шамының жұмысы

- Тоңазытқыштың ішіндегі LED шамы мұздатқыш/тоңазытқыш есігі ашылған кезде жанады.

\* LED шамы мұздатқыш/тоңазытқыштың немесе бардың есігі ашылған кезде жанады.

## Жас тағам бөлімі



Қалай пайдалану керек

Үстіңгі жас тағам бөлімін ағытып алу


Астыңғы жас тағам бөлімін ағытып алу

Жеміс-жидек пен көкөністі сақтауға болады.

1. Жас тағам бөлімінің алдыңғы тұтқасын ұстап тұрып, ілмекті бөлігімен құрсауланғанша сыртқа қарай тартыңыз.
  2. Жас тағам бөлімін басқаша тартып шығара алмасаңыз, оны сәл көтеріңкіреңіз де, алдыңғы жаққа (сыртқа) толық тартып шығарыңыз.
- \* Жас тағам бөлімін кері тәртіппен қайта орнатуға болады.



- Астыңғы жас тағам бөлімін сыртқа шығарған кезде



1. Жас тағам бөлімінің алдыңғы тұтқасын ұстаңыз да, алға қарай тартыңыз.
2. Жас тағам бөлімін басқаша тартып шығара алмасаңыз, оны сәл көтеріңкіреңіз де, алдыңғы жаққа тартып шығарыңыз.

- Астыңғы жас тағам бөлімін салған кезде



- \* Жас тағам бөлімін салған кезде, қақпағын итеріп кіргізу үшін сәл көтеріңіз.


**⚠ АБАЙЛАҢЫЗ**

- Жас тағам бөлімін әрқашан да екі қолмен ағытып алыңыз. Жас тағам бөлімі тағамға толы болса, оның салмағынан жарақат алуыңыз мүмкін.
- Тоңазытқыштың жас тағам бөлімін ағытқан/қайта салған кезде, тоңазытқыштың есігін толық ашыңыз.

Үстіңгі/астыңғы жас тағам бөлімінің қақпағын алу

Қақпақты екі қолмен ұстаңыз да, сыртқа қарай тартыңыз.

- \* Қақпақты ағытып алған кезде, әуелі жас тағам бөлімін ағытып алыңыз.




## Вакуумдық жас тағам бөлімі

Қалай пайдалану керек

Вакуумдық жас тағам бөлімін ағытып алу

Vacuim Fresh™ түймесін жиі қолдану көкөністер мен жеміс-жидекті жаңа піскен күйде сақтайды. Ауаның бөлігі жартылай жабылған бөлім тартпасында шектеулі вакуумды жасайтын бөлімнен уақытша тартылады.


1. Вакуумдық жас тағам бөлімінің алдыңғы тұтқасын ұстап тұрып, ілмекті бөлігімен құрсауланғанша сыртқа қарай тартыңыз.
2. Вакуумдық жас тағам бөлімін басқаша тартып шығара алмасаңыз, оны сәл көтеріңкіреңіз де, алдыңғы жаққа (сыртқа) толық тартып шығарыңыз.



### ЕСКЕРТУ


- Мұздатқыштың тартпалы жәшігін де сондай тәсілмен ағытып алуға/қайта салуға болады.
- Жас тағам бөлімін әрқашан да екі қолмен ағытып алыңыз. (Жас тағам бөлімі тағамға толы болса, оның салмағынан жарақат алуыңыз мүмкін).
- Тоңазытқыштың жас тағам бөлімін немесе вакуумдық бөлімін ағытқан/қайта салған кезде, тоңазытқыштың есігін толық ашыңыз.

Вакуумдық жас тағам бөлімін ағытып алу



1. Вакуумдық жас тағам бөлімін алға қарай тартыңыз, сәл көтеріңіз де, суырып алыңыз.
2. Вакуумдық жас тағам бөлімін екі қолмен ұстап, сәл көтеріңіз.  
\* Сауытты ағытып алу үшін әуелі үстіңгі жас тағам бөлімін ағытып алу керек.
3. Оны алға қарай тартып шығарыңыз.

Вакуумдық жас тағам бөлімін қайта салу



1. Сауыттың үстін бағыттауыштарға дәлдеп, сәл жоғары көтеріп тұрып, итеріңіз.
2. Сауыттың астын бағыттауыштарға дәлдеп, сәл жоғары көтеріп тұрып, итеріңіз.
3. Сауытты «сырт» еткен дыбыс естілгенше итеріңіз.

**АБАЙЛАҢЫЗ**

- Жас тағам бөлімін әрқашан да екі қолмен ағытып алыңыз. Жас тағам бөлімі тағамға толы болса, оның салмағынан жарақат алуыңыз мүмкін.
- Тоңазытқыштың жас тағам бөлімін ағытқан/қайта салған кезде, тоңазытқыштың есігін толық ашыңыз.



## Азық-түліктерді сақтау

- Тоңазытқыш камерасында бұзылмаған азық-түліктерді сақтаңыз. Азық-түліктің қалай мұздатылғаны немесе ерітілгені оның бұзылмастан және дәмі кетпестен сақталуының маңызды факторы болып табылады.
- Банан және қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын тамақтарды сақтамаңыз.
- Ыстық тамақты сақтар алдында суытып алыңыз, өйткені ыстық тамақты тоңазытқышқа қойған жағдайда басқа тамақтар бұзылып, көп энергия тұтынуына әкелуі мүмкін
- Тамақты сақтаған кезде оны винил орауышпен жабыңыз немесе қақпақты ыдысқа салып сақтаңыз. Бұл ылғалдың булануының алдын алып, тамақтың өз дәмі мен нәрлілігін сақтауына көмектеседі.
- Ауа желдету арналары тамақпен жабылып қалмасын. Салқын ауаның кедергісіз айналымы тоңазытқыш температурасын біркелкі сақтайды.
- Есікті жиі аша бермеңіз. Есікті ашқан кезде тоңазытқышқа жылы ауа кіріп, іштегі температура жоғарылайды.
- Есік сөресіне тым көп азық-түлік сақтамаңыз, өйткені олардың ішкі сөрелерге тірелуі салдарынан есік толық жабылмауы мүмкін.
- Еріген тамақты қайтадан мұздатпаңыз. Бұдан Тамақтың дәмі мен нәрлілігін жоғалтады.
- Балмұздақ сияқты мұздатылған тамақты ұзақ уақыт сақтаған кезде оны есіктің сөресіне емес, мұздатқыш сөресіне қойыңыз.
- Мұздатқыш бөлімінде суық азық-түліктерді немесе ыдыстарды, әсіресе металдан жасалғандарын, сулы қолмен ұстамаңыз және шыны бұйымдарды сақтамаңыз.

• Сондықтан домбығуыңыз мүмкін және ішіндегі заттар қатқан кезде олар сынып, дене жарақатына әкеліп соғуы мүмкін.

- Ылғалды тамақты тоңазытқыштың үстіңгі сөрелеріне қоядан сақ болыңыз, өйткені ол салқын ауаның тікелей әсерінен қатып қалуы мүмкін.
- Азық-түлікті әрдайым сақтар алдында тазалап алыңыз. Жақын қойылған тамақ бұзылмас үшін көкөністер мен жеміс-жидектерді жуып, сүрткен жөн, ал ораулы азық-түліктерді сүрткен жөн.
- Жұмыртқаларды тиісті сөресінде немесе қорабында сақтаған кезде олардың бұзылмағандығын қадағалаңыз және оларды әрдайым тігінен қойып сақтаңыз. Бұл оларды ұзағырақ уақыт бойы бұзбай сақтайды.

### ЕСКЕРТУ

• Егер сіз тоңазытқышты ыстық әрі ылғалды жерге қойсаңыз, есікті жиі ашқан кезде немесе ішіне көп көкөніс сақтаған кезде ішінде шық түзілуі мүмкін. Бұл тоңазытқыштың жұмысына еш әсер етпейді. Шықты шаң сүртетін шүберекпен-ақ сүрте беріңіз.

- Есікті ұзақ уақыт бойы ашық қалдырмаңыз, оны тез жабыңыз.
- Тоңазытқыштың ішіне тағамды көп салмаған жөн. Салқын ауаның еркін айналуы үшін жеткілікті орын қалуға тиіс.
- Тоңазытқыштың температурасын қажетті мәннен төмен орнатпаңыз. Температура датчигінің жанына тағам қоймаңыз.
- Ыстық тағамды сақтауға қоярдан бұрын суытыңыз. Тоңазытқыш-мұздатқышқа ыстық тағам қою басқа тағамды бұзуы және электр қуатының шығынын көбейтуі мүмкін!
- Ауа өтетін саңылауларды тағаммен бітеп тастамаңыз. Суық ауаның іркіліссіз айналуы тоңазытқыш-мұздатқыш температурасын біркелкі ұстайды.
- Есікті жиі аша бермеңіз. Есік ашылған сайын тоңазытқыш-мұздатқышқа жылы ауа кіріп, температурасының жоғарылауына себеп болады.

### Мұздатқыш камерасы



**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ**

### Тоңазытқыш камерасы

### Қуат үнемдеу бойынша ұсыныс

## Жалпы мәліметтер

### Демалыс уақыты

Ұзақтығы орташа демалыс кезінде сіз тоңазытқышты жұмыс істеп тұрған күйінде қалдырып кетуді жөн көруіңіз мүмкін. Ұзағырақ сақтау үшін мұздатуға болатын бұйымдарды мұздатқышқа қойыңыз. Сіз жұмыс істеуін тоқтатуды жоспарлаған жағдайда ішіндегі бар азық-түлікті шығарып, қорек сымын ажыратып, іш жағын мұқият тазалаңыз да, иіс түзілуін болдырмау үшін әрбір есікті АШЫҚ күйінде қалдырыңыз.

### Электр жарығының өшуі

Бір-екі сағатта түзелетін электрмен қамсыздандырудағы үзілістердің көпшілігі тоңазытқыштың температурасына әсер етпейді. Алайда, электр қорегі жоқ кезде есікті ашуды барынша азайтақыныңыз жөн.

### Егер көшсеңіз

Тоңазытқыштың ішіндегі барлық бос бұйымдарды шығарып алыңыз немесе мықтап бекітіңіз. Биіктік реттеу бұрандаларын зақымдап алмас үшін оларды негізгі бөлікке жинап қойыңыз.

### Конденсатталуға қарсы құбыр

Тоңазытқыш камерасының ішкі камерасы кейде, әсіресе орнатыла салысымен жылып кетуі мүмкін. Саспаңыз. Бұл – камераның сыртқы қабырғаларының “терлеуінің” алдын алу үшін ыстық тоңазытқышты айдайтын конденсатталуға қарсы құбырдан.

### АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- Электр тогы соғуынан қорғайтын сақиналы резеңке тығыздауышты тексеру керек.
- Шам ұзақ уақыт жанғанда, оны қолмен ұстамаңыз. Себебі ол өте ыстық болуы мүмкін.

## Тазалау

Жағымсыз иістерді болдырмау үшін тоңазытқышты таза ұстаған маңызды. Егер төгілген тамақ орнығып қалатын болса, пластик беттерді тотықтандырып, тот бастыруы мүмкін болғандықтан, оны дереу сүртіп алған жөн.

### Сырт жағы

Тоңазытқыштың ұзақ пайдаланылатын бояулы беттерін тазалау үшін сабынның немесе жуу құралының жылымшы ерітіндісін пайдаланыңыз. Таза дылқыл шүберекпен сүртіп, содан кейін құрғатыңыз.

### Іш жағы

Тұрақты түрде тазалап тұруға кеңес беріледі. Барлық бөлімдерді ас содасы ерітіндісімен немесе жұмсақ жуу құралымен және жылы сумен жуыңыз. Шайып, құрғатыңыз.

### ЕСКЕРТУ

- Қыдыс жуғышты төменгі тартпаларды тазарту үшін пайдаланбаңыз, жоғарғы температура жәшіктерді зақым келтіріп, жарамсыз етуі мүмкін.

### Тазалағаннан кейін

### АБАЙЛАҢЫЗ

Қорек сымының зақымданбағанын, қорек ашасының қатты қызып кетпегенін немесе қорек ашасының розеткаға дұрыстап сұғылғанын тексеріңіз.

Өрқашанда электр бөлшектердің (шамдар, ауыстырып-қосқыштар, бақылау құралдары, т.б.) айналасын тазалар алдында қорек ашасмын ток көзінен шығарып алыңыз. Су немесе сұйықтық кез келген электр бөлшекке түсіп, ток соғуына әкелмес үшін артық ылғалды ысқышпен немесе шүберекпен сүртіп алыңыз. Кез келген бетке еш уақытта металл тазалағыш жастықшалар, щеткалар, қатты түрпілі тазалағыштар, күшті сілтілі ерітінділер, жанғыш немесе уытты тазалау сұйықтықтарын пайдаланушы болмаңыз. Мұз қатқан беттерді сулы немесе дымқыл қолмен тимеңіз, өйткені дымқыл зат қатты суық беттерге жабысып қалады.

## Ақауларды тауып, жөндеу


Көмек сұрар алдында осы парақты шолып шығыңыз. Бұл сіздің уақытыңызды да, қаржыңызды да үнемдеуі мүмкін. Осы парақта бұл құрылғыдағы ақаулы бұйымдардан немесе материалдардан туындамайтын жалпы жағдайлар қамтылған.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
<b>Тоңазытқыштың жұмысы</b>		
<b>Тоңазытқыштың компрессоры жұмыс істемейді.</b>	Тоңазытқыштың басқару жүйесі жұмыс істеп тұрған жоқ.	Тоңазытқыштың басқару жүйесін икемдеңіз. Басқару жүйесін икемдеу бөлімін қараңыз.
	Тоңазытқыш еру циклінде.	Толық автоматты еритін тоңазытқыш үшін бұл қалыпты жағдай. Еру циклі ауық-ауық іске қосылып тұрады.
	Қорек ашасы ток көзіне қосылмаған.	Ашаның розеткаға мықтап сұғылуын қамтамасыз етіңіз.
	Электрмен қамсыздандырудағы үзіліс. Үй ішіндегі жарықты тексеріңіз.	Жергілікті электрмен қамсыздандыру компаниясын шақырыңыз.
<b>Тоңазытқыш тым көп немесе тым ұзақ жұмыс істейді</b>	Тоңазытқыш сіздің бұрынғы құрылғыңыздан үлкенірек.	Бұл – қалыпты жағдай. Мұндай жағдайларда көлемі үлкенірек, қуаттылығы жоғарырақ құрылғылар ұзағырақ іске қосылып, жұмыс істейді.
	Бөлмедегі немесе сырттағы ауа ыстық.	Мұндай жағдайларда тоңазытқыштың ұзағырақ жұмыс істеуі қалыпты жағдай болып табылады.
	Тоңазытқыш жақында ұзақ мерзімге өшірілген.	Тоңазытқыш толығымен салқындауы үшін бірнеше сағат уақыт кетеді.
	Жақында жылы немесе ыстық тамақ көп мөлшерде сақталған болуы мүмкін.	Жылы тамақ керекті температураға жеткенше тоңазытқыш ұзағырақ жұмыс істейді.
	Есіктер тым жиі немесе тым ұзақ ашылады.	Тоңазытқышқа кіретін жылы ауаның салдарынан тоңазытқыш ұзағырақ жұмыс істейді. Есіктерді сирегірек ашыңыз.
	Тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың есігі аздап ашық тұруы мүмкін.	Тоңазытқыштың бір деңгейде тұруын қамтамасыз етіңіз. Азық-түліктер мен ыдыстар есікке тірелмесін. Проблемалар бөлігін қараңыз. Есіктерді АШУ/ЖАБУ.
	Тоңазытқыштың басқару жүйесі өте суық температураға қойылған.	Тоңазытқыштың температурасы жеткілікті болғанша тоңазытқыштың басқару жүйесін жылырақ температураға қойыңыз.
	Тоңазытқыштың немесе мұздатқыштың тығыздағышы кірлеген, тозған, зақымданған немесе орнына дұрыс қондырылмаған.	Тығыздағышты тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Есіктің тығыздағышындағы саңылаулардың салдарынан тоңазытқыш керекті температураларды сақтау үшін ұзағырақ жұмыс істейді.
	Термостат тоңазытқышты бір қалыпты температурада сақтайды.	Бұл – қалыпты жағдай. Тоңазытқыш температураны бір қалыпты сақтау үшін іске қосылып, өшіп тұрады.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
<b>Тоңазытқыштың компрессоры жұмыс істемейді.</b>	Термостат тоңазытқышты бір қалыпты температурада сақтайды.	Бұл – қалыпты жағдай. Тоңазытқыш температураны бір қалыпты сақтау үшін іске қосылып, өшіп тұрады.
<b>Температура тым суық</b>		
<b>Мұздатқыштағы температура тым суық, бірақ тоңазытқыштағы температура жеткілікті.</b>	Мұздатқыштың басқару жүйесі тым суық температураға қойылған	Мұздатқыштың температурасы жеткілікті болғанға дейін мұздатқыштың басқару жүйесін жылырақ температураға қойыңыз.
<b>Тоңазытқыштағы температура тым суық, бірақ мұздатқыш температурасы жеткілікті.</b>	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым суық температураға қойылған.	Тоңазытқыштың басқару жүйесін жылырақ температураға қойыңыз
<b>Тартпаларда сақтаулы азық-түліктерге мұз қатады.</b>	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым суық температураға қойылған.	Жоғарыдағы шешімді қараңыз.
<b>Ет тартпасында сақтаулы етке мұз қатады.</b>	Ет бұзылмастан барынша ұзақ сақталуы үшін оны судың қату нүктесінен (32°F, 0°C) сәл ғана төмен температурада сақтаған жөн.	Еттің құрамында ылғал болатындықтан, мұз кристалдарының түзілуі қалыпты жағдай болып табылады.
<b>Температура тым жылы</b>		
<b>Тоңазытқыштағы немесе мұздатқыштағы температура тым жылы.</b>	Мұздатқыштың басқару жүйесі тым жылы температураға қойылған.	Мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың температурасы жеткілікті болғанға дейін мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың басқару жүйесін суығырақ температураға қойыңыз.
	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым жылы температураға қойылған. Тоңазытқыштың басқару жүйесі мұздатқыштың температурасына біраз әсер етеді.	Мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың температурасы жеткілікті болғанға дейін мұздатқыштың немесе тоңазытқыштың басқару жүйесін суығырақ температураға қойыңыз.
	Есіктер тым жиі немесе тым ұзақ ашылады.	Есік ашылған кезде тоңазытқыштың/ мұздатқыштың ішіне жылы ауа кіреді. Есікті сирегірек ашыңыз.
	Есік аздап ашық тұр.	Есікті толық жабыңыз.
	Жақында жылы немесе ыстық тамақ көп мөлшерде сақталған болуы мүмкін.	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш таңдап алынған температураға жету мүмкін болғанша күтіңіз.
	Тоңазытқыш жақында ұзақ мерзімге өшірілген.	Тоңазытқыш толық салқындау үшін бірнеше сағат уақыт керек.
<b>Тоңазытқыштағы температура тым жылы, бірақ мұздатқыш температурасы жеткілікті.</b>	Тоңазытқыштың басқару жүйесі тым жылы температураға қойылған.	Тоңазытқыштың басқару жүйесін суығырақ температураға қойыңыз.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
<b>Дыбыс және шуыл</b>		
<b>Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда қатты дыбыс шығады.</b>	Қазіргі тоңазытқыштарда сақтай сыйымдылығы арттырылған және температураларды тұрақтырақ сақтайды.	Дыбыс деңгейінің жоғары болуы қалыпты жағдай болып табылады.
<b>Компрессор іске қосылғанда қатты дыбыс шығады.</b>	ON (іске қосылу) циклі басталған кезде тоңазытқыш жоғары қысыммен жұмыс істейді.	Бұл – қалыпты жағдай. Тоңазытқыш жұмысын жалғастырға келе дыбыс басылады.
<b>Дірілдеген немесе гүрілдеген шуыл.</b>	Еден тегіс емес немесе әлсіз. Тоңазытқыш орнынан аздап жылжыған кезде дірілдейді.	Еденнің тегіс және қатты екенін және тоңазытқышты дұрыс тіреп тұра алатынын тексеріңіз.
	Тоңазытқыштың үстіне қойылған заттар дірілдеп тұр.	Заттарды шығарып тастаңыз.
	Тоңазытқыштың сөрелеріне қойылған табақтар дірілдеп тұр.	Табақтардың аздап дірілдегені қалыпты жағдай. Ыдыстарды аздап жылжытыңыз. Тоңазытқыштың бір деңгейде тұруын және еденге нық орнығуын қамтамасыз етіңіз.
	Тоңазытқыш қабырғаға немесе шкафтарға тиіп тұр.	Тоңазытқышты қабырғаға немесе тоңазытқышқа тимейтіндей етіп жылжытыңыз.
<b>Тоңазытқыштың ішіндегі су/ылғал/мұз</b>		
<b>Тоңазытқыштың ішкі қабырғаларына ылғал жиналады.</b>	Ауа мұз қырау түзілу және ішкі жақтың терлеу жылдамдығын арттыратындай ыстық және ылғалды.	Бұл – қалыпты жағдай.
	Есік аздап ашық тұр.	Проблема бөлігіндегі есіктерді ашу/жабуды қараңыз.
	Есік тым жиі немесе тым ұзақ ашылады.	Есікті сирегірек ашыңыз.
<b>Тоңазытқыштың сыртында немесе есіктердің арасында ылғал түзіледі.</b>	Ауа ылғалды.	Ылғалды ауада бұл қалыпты жағдай. Ылғалдылық төменірек болған кезде ылғал жоғалуы тиіс.
	Есік аздап ашық тұрып, тоңазытқыштың ішіндегі суық ауа сырттағы жылы ауамен араласуына себепші болып отыр.	Бұл жолы есікті толық жабыңыз.

Жағдай	Мүмкін себеп	Шешуі
<b>Тоңазытқыштағы иістер</b>	Іш жағын тазалау керек.	Ішкі жағын ысқышпен, жылы сумен және ас содасымен тазалаңыз.
	Тоңазытқышта өткір иісті тамақ бар.	Тамақты толық жабыңыз.
	Кейбір ыдыстар мен орау материалдарынан иіс шығады.	Басқа дыс немесе басқа маркалы орау материалдарын пайдаланыңыз.
<b>Есіктерді/тартпаларды ашу жабу</b>		
<b>Есіктер жабылмайды.</b>	Тамақтың ораушы есіктің жабылуына кедергі болып тұр.	Есіктің жабылуына кедергі болып тұрған ораушыты жылжытыңыз.
<b>Есіктер жабылмайды.</b>	Есік тым қатты жабылуынан басқа есік аздап ашық қалған.	Екі есікті де ақырындап жабыңыз.
	Тоңазытқыш бір деңгейде емес. Орнынан аздап жылжыған кезде дірілдейді.	Биіктік реттеу бұрандасын реттеңіз.
	Еден тегіс емес немесе әлсіз. Тоңазытқыш орнынан аздап жылжыған кезде дірілдейді.	Еденнің тегіс екенін және тоңазытқышты дұрыс тіреп тұра алатынын тексеріңіз. Еденнің ойпаттығын немесе еңкіштігін түзеу үшін ағаш ұстасына хабарласыңыз.
	Тоңазытқыш қабырғаға немесе шкафтарға тиіп тұр.	Тоңазытқышты жылжытыңыз.
<b>Тартпалар оңай жылжымайды.</b>	Тамақ тартпаның үстіндегі сөреге тиіп тұр	Тартпаға азық-түлікті азырақ салыңыз.
	Тартпа жылжиты жол кірлеген.	Тартпа мен сырғымалы жолды тазалаңыз.



**Өздеріңіздің ескі аспаптарыңыздан құтылу**

1. Егер қоқсық шелегі үстінен сызып тастаған мынандай белгі өнім бетінде көрсетілген болса, онда бұл өнім 2002/96/ЕС Еуропалық нұсқауына кіреді деген сөз.
2. Барлық электірлік және электрондық өнімдер қалалық әкімшілік қоқыс шығару жүйесінен бөлек, үкіметпен немесе жергілікті басқару органдарымен тағайындалған арнайы жинаушы мекеме арқылы тасталуы тиіс.
3. Өздеріңіздің ескі аспаптарыңыздан дұрыс құтылу адам денсаулығы мен қоршаған айналага тигізуі мүмкін зиянды әсерлерді болғызбауға себін тигізеді.
4. Өздеріңіздің ескі аспаптарыңыздан қалай құтылу керектігі жөнінде қосымша ақпаратты алу үшін, өздеріңіздің қала әкімшілігімен, қоқыс шығаратын қызмет мекемесімен, немесе осы өнімді сатып алған дүкенмен байланысыңыз.

**Бұл қалыпты жағдай...**

Төмендегі жайттар қалыпты болып табылады.

	<b>Жағдай</b>	<b>Шешім</b>
<b>Шуыл</b>	«Тақ-тақ» не «тоқ-тоқ» еткен дыбыс естілсе	Бұл тоңазытқыштың ішіндегі температураның өзгеруінен кеңейіп/қысылып жатқан түрлі бөлшектердің не жұмыс істеп жатқан түрлі басқару элементтерінің дыбысы.
	«Дүрілдеген», «дүңкілдеген» не «уілдеген» дыбыс естілсе	Бұл тоңазытқыштың жұмысы басталғанда не тоқтағанда шығатын компрессордың не желдеткіштің дыбысы. Бұл автомобильді от алдырғанда не сөндіргенде шығатын дыбыспен бірдей құбылыс.
	«Күркілдеген» не ағып жатқан судың дыбысы естілсе	Бұл мұздатқыштың/тоңазытқыштың ішінде күйі өзгеріп жатқан салқындатқыш заттың дыбысы. Сұйық зат газға айналғанда, ағып жатқан судың дыбысы, ал газ сұйықтыққа айналғанда, «күркілдеген» дыбыс естіледі.
	Есік жабылғаннан кейін «Шу-шу» еткен желдің немесе «шиқ» деген дыбыс естілсе	Бұл жылдам салқындаған мұздатқыш не тоңазытқыш арқылы жылы ауа кіргенде, уақытша төмендеген ішкі қысым шығаратын дыбыс.
	Дірілдеген дыбыс естілсе	Егер тоңазытқыш ағаш еденге немесе ағаш қабырғаға орнатылса, немесе ол дұрыс деңгейге орнатылмаса, дірілдеуден шығатын дыбыс қатты болуы мүмкін.
	Құрылғыны алғаш орнатқаннан кейін қатты дыбыс естілсе	Тоңазытқышты алғаш рет жұмысқа қосқан кезде, ол қатты суыту үшін үлкен жылдамдықпен жұмыс істейді де, дыбысы қатты естілуі мүмкін. Ішкі температурасы белгілі бір деңгейден төмендегенде, шуылы бәсеңдейді.
<b>Ашық есік</b>	Есікті жапқаннан кейін ол сәл ашық қалғанда	Тоңазытқыштың не мұздатқыштың есігінің жабылу күшіне не жылдамдығына қарай, есік сәл ашылып, соңынан жабылуы мүмкін. Есікті тым қатты жаппауға тырысыңыз.
	Тоңазытқыштың есігін жапқан кезде, мұздатқыш есігі ашылып-жабылады.	Ол суық ауа айналуы үшін тоңазытқыш пен мұздатқыштың арасын байланыстырады. Сөйтіп, тоңазытқыштың есігін жапқанда, тоңазытқыштағы ауа мұздатқыштың ішіне өтеді. Ол мұздатқыштың есігін ашады. Абыржымаңыз, себебі бұл ақаулық емес.
<b>Мұз қату/Бу тамшылары</b>	Тоңазытқыштың ішінде не сыртында мұз қатса не бу тамшылары түзілсе	Сыртқы ауа тоңазытқыштың ішкі салқын қабырғасына кірген кезде, мұз не бу тамшылары түзілуі мүмкін. Әсіресе мұндай жағдай тоңазытқыштың есігін тым жиі ашып-жапқан кезде тез орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, егер орналасқан жердің ылғалдылығы жоғары болса, не жауын-шашынды маусымда не жаңбыр жауға күні тоңазытқыштың сыртында бу тамшылары түзілуі мүмкін. Бұл ауа-райы ылғалды болғанда орын алатын табиғи құбылыс. Су тамшыларын құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.
<b>Температура</b>	Тоңазытқыштың алдыңғы жағы жылы болса	Бу тамшылары түзілуін болдырмас үшін тоңазытқыштың алдыңғы жағында және мұздатқыш пен тоңазытқыштың ортасында жылытқыш түтіктер орнатылған. Тоңазытқыш орнатылғаннан кейін не жаздың ыстық кезінде жылы болып сезілуі мүмкін, бірақ бұл ақаулық емес, сондықтан мазасызданбаңыз.

## Құрылғы туралы ақпарат

<b>Модель</b>	GR-M247QGMH GR-M247QGMY		
<b>Өндіруші</b>	LG Electronics		
<b>Санат</b>	Тоңазытқыш-Мұздатқыш		
<b>Сыйымдылығы (l)</b>	ISO жалпы	Жалпы	691
		Мұздатқыш	273
		Тоңазытқыш	418
	ISO сақтау	Жалпы	606
		Мұздатқыш	220
		Тоңазытқыш	386
<b>Салмағы (кг)</b>	Таза / Жалпы		141/151
	Ені x Биіктігі x Тереңдігі	Өнім	912 x 1785 x 710
		Жалпы	978 x 1883 x 853
<b>Жеке күйде / Орнатылған</b>	Жеке күйде		
<b>Мұзды еріту жүйесі</b>	Мұз қатпайды		
<b>Шу қуаты (дБ)</b>	40		
<b>Қуат класы</b>	A+		
<b>Энергияны тұтыну (кВ-с/жыл)</b>	484		
<b>Температураның көтерілу уақыты (сағ)</b>	10.6		
<b>Мұздату сыйымдылығы (кг/24 сағ)</b>	11.5		
<b>Суыту сұйықтығы</b>	R600a		
<b>Жұлдызшалар бойынша деңгейі</b>	* ** *		
<b>Климат класс</b>	SN - T		

※ Климат класс : SN - T (Бұл құрылғы температурасы 10°C - 43°C болатын ортада пайдаланылауы тиіс.)



8-800-200-7676	Россия
0-800-303-000	Украина
8-8000-805-805	Казахстан
2255	Казахстан с мобильного GSM
8-820-0071-1111	Беларусь
8-0003-271	Латвия
8-800-30-800	Литва
800-9990	Эстония
8-0000-710-005	Узбекистан & Кыргызстан

LG Customer Information Center

LG Twin Tower, 20, Yoido-Dong,  
Youngdungpo-Gu, Seoul, 150-721, Korea.



001



003



BZ03



OP019



Printed in Korea